

БЕКІТЕМІН
«Тайтобе ауылының ЖОББМ»
КММ директоры
Г.С.Аппиева *Г.С.Аппиева*
«01» 09 2026 жыл

**АЛҒАШҚЫ ӘСКЕРИ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚ (АӘЖТД)
ЖЕТЕКШІСІ – ОҚЫТУШЫ-ҰЙЫМДАСТЫРУШЫСЫНЫҢ 2026-2027 ОҚУ
ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НУСҚАУЛЫҒЫ**

Лауазымдық міндеттері:

- Оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесін «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мен "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасы аясында ұйымдастырады.
- Мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарымен, сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, оқу жылына арналған әскери-патриоттық жұмыстардың жоспарын әзірлейді және оның орындалуын қамтамасыз етеді.
- Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәнін мемлекеттік стандарттар мен оқу бағдарламаларына сәйкес жүргізеді.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналын уақтылы толтырады: оқушылардың сабаққа қатысуын, үлгерімін, жиынтық бағалау (БЖБ, ТЖБ) нәтижелерін жүйеге енгізеді және статистикалық есептерді жүргізеді.
- Білім беру ұйымдарындағы алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың материалдық базасын (кабинет, тир, спорттық қалашық, оқу қарулары) дамыту мен нығайту, жабдықтар мен мүліктердің сақталуы, санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау бойынша шаралар қолданады.
- АӘЖТД кабинетінде және практикалық сабақтар кезінде (әсіресе оқу қаруларымен жұмыс істеу барысында) қауіпсіздік техникасы талаптарының қатаң сақталуын қамтамасыз етеді.
- Төтенше жағдайлар кезінде әрекет етуге арналған практикалық сабақтар мен жаттығулар өткізеді.
- Білім беру ұйымдарында азаматтық қорғаныс бойынша сабақтар өткізеді, төтенше жағдайлардағы (өрт, жер сілкінісі, террорлық қауіп және т.б.) әрекеттер бойынша эвакуациялық іс-шараларды жоспарлайды және ұйымдастырады.
- Қорғаныс ғимараттарының дайындығын қадағалайды, төтенше жағдайларда азаматтық қорғаныстың жеке құралдарымен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.
- Шақырылуға дейінгі жастағы жасөспірімдерді қорғаныс істері жөніндегі басқармаларда (әскери комиссариаттарда) есепке қою жұмыстарын мектеп әкімшілігімен бірлесе ұйымдастырады, тиісті құжаттамаларды дайындайды.
- Оқушыларды әскери-қолданбалы спорт түрлеріне, мектепішілік және аудандық (қалалық) әскери-спорттық жарыстарға дайындайды.
- Оқушылар арасында академиялық адалдық қағидаларын, құқықтық мәдениетті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастырады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Еңбек Кодексін, "Білім туралы", "Педагог мәртебесі туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңдарын.
- Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери есебін жүргізу және шақыруға дейінгі дайындық мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін.
- Білім алушыларға білім және тәрбие беру мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерін.

- Педагогика, психология, жас ерекшелік физиологиясы, гигиена негіздерін; тәрбие жұмысы мен оқытылатын пәннің әдістемесін, оқу жоспарлары мен бағдарламаларын.
- Оқу кабинетін жарақтау мен жабдықтау талаптарын, қару-жаракты, оқ-дәрілер мен әскери-техникалық мүліктерді сақтау ережелерін.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен жұмыс істеу ережелерін.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- "Бастауыш әскери дайындық және дене тәрбиесі оқытушысы" (немесе ұқсас) мамандығы бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімі болуы тиіс (жұмыс өтіліне талап қойылмайды);
- Немесе офицерлік құрам лауазымдарында әскери қызмет өткерген, жоғары (орта) әскери немесе педагогикалық қайта даярлау білімі бар запастағы офицерлер (жұмыс өтіліне талап қойылмайды).
- Біліктілігінің жоғары деңгейі болған жағдайда санаттарға сәйкес мамандығы бойынша жұмыс өтілі: педагог-модератор үшін – кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін – кемінде 3 жыл, педагог-зерттеуші үшін – кемінде 4 жыл, педагог-шебер (мастер) үшін – кемінде 5 жыл.

Таныстым:

Батабеков Е.Е. 

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығының 1-тарау, 15-параграфына (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.